

Ж.Ө. Дағарова^{1*}, Керимов Тапдыг Афиз-оглы², Ғ.Р. Сейфуллина¹, С.М. Аралбай³

¹Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан;

²«Ресей Федерациясының Тұңғыш Президенті Б.Н. Ельцин атындағы;
Орал федералды университеті» ФМ АЖББМ, Екатеринбург, Ресей;

³Қарағанды медицина университеті, Қарағанды, Қазақстан
(E-mail: janka_04@mail.ru; galiya-magavina@mail.ru; saken_aralbai@mail.ru)

Ақпараттық қоғамдағы тұлғаның құндылықтық әлемі

Мақалада ең алдымен қоғамдық дамудың жаңа кезеңі ретіндегі ақпараттық қоғамның сипаты қарастырылған. Ақпараттық қоғам дамуының алғышарттары мен белгілеріне талдау жасалынған. Ақпараттық қоғамның табыстары мен қауіптерін анықтауға ерекше назар аударылған. Ақпараттық қоғам дамуының заманауи кезеңі «білім қоғамының» қалыптасуымен сипатталатындығы көрсетілген. Ақпараттық қоғам мәдениетіндегі тұлғаның құндылықтық әлеміне назар аударылған және тұлғаның құндылықтық әлемінің ерекшелігін ақпараттық қоғам мәдениетінің құбылысы мен әлеуметтік мәдени процестің бейнесі ретінде анықталған. Тұлғаның құндылықтық әлемінің әлеуетті мүмкіндіктерін болашақтағы ақпараттық қоғамның үлгісі ретінде қарастыруға ұсыныс жасалған. Ақпараттық қоғамдағы адамның құндылықтық әлемін тану үшін құндылықтар тарихына шолу жасалып, қазіргі заманғы мәдениетімізде, салт дәстүрлерімізде және құндылықтық бағдарларымызда жаппай дағдарыстың орын алып отырғандығы айтылған және мұны шешу үшін қазіргі заман мәдениетінің маңызды міндеті болашақта адамзаттың прогрессивті дамуын бір арнаға салатын және реттейтін рухани құндылықтардың жаңа жүйесін жасауы керектігі айтылған. Ақпараттық қоғамдағы тұлғаның құндылықтық әлемі мәселесін зерттеудің негізгі әдістері ретінде отандық және шетелдік дереккөздерді философиялық-теориялық тұрғыдан жалпылау, зерттеу материалдарын сипаттау, жүйелеу және салыстыру, герменевтика әдістері қолданылды.

Кілт сөздер: жаһандану, ақпараттық қоғам, ақпараттандыру, пролетариат, когнитариат, білім қоғамы, құндылықтық бағдар, рухани дағдарыс, жасампаз адам, тұтынушы адам.

Кіріспе

Қазіргі уақыттағы ақпараттық қоғам жағдайында тұлғаның құндылықтық әлемін анықтау мәселесі өзекті әрі басты назарды талап етіп отырған мәселеге айналуда. Өйткені заманауи технологиялардың қарқынды дамуымен қатар қазіргі адамдардың құндылықты бағдарлары мен идеалдары түбірімен өзгеріске ұшырауда, осыған байланысты адамдардың жалпы әлемге деген және өз-өзіне деген көзқарастары да өзгеру үстінде. Ақпараттық қоғамда болып жатқан процестер адам өмірінің әлеуметтік және рухани салаларын, оның құндылықтарын айтарлықтай өзгертетіні белгілі. Қазіргі адамның құндылық қатынастарының қалыптасуына әлемнің көптеген елдерінде әлеуметтік, саяси, экономикалық және рухани сипаттағы елеулі өзгерістерді тудырған жаһандану процесі де айтарлықтай әсер етті. Жаһандану және ақпараттандыру процестері қоғамда жаңа әлеуметтік-мәдени және экономикалық парадигмаға сәйкес келетін инновациялық құндылықтардың, жаңа құндылық бағдарларының, өмір мен мінез-құлық нормалары мен үлгілерінің пайда болуына ықпал етеді. Ақпараттық қоғам дамуының алғышарттары мен белгілеріне келсек, оның ерекше белгісіне ақпарат еліміздің экономикасында басты орын алатын ақпараттық технологиямен қатар, ұдайы өндірістің басымдылық саласына айналғандағы материалдық өндірістегі құрылымы жағынан қайта құрулар жатады. Мысалы осыған байланысты, ақпараттық қоғамның басты белгісі ретінде білімнің кеңінен таралу дерегінің өзі ғана емес, сонымен қатар, олардың тікелей қоғамдағы игілікке айналуында, осының салдарынан экономикамыз білімдер айырбасының негізінде қызмет ететін жүйеге айналады. Ақпараттық қоғам дамуының алғышарттарын қазіргі заманғы қоғамымыздағы ақпарат пен білімнің өзекті мәселеге айналуы, ғылыми-техникалық алғышарттар мен әлеуметтік алғышарттар жатады. Ақпараттық қоғамдағы, сондай-ақ техногендік өркениеттің әлеуметтік-мәдени кеңістігіндегі адам санасының өзгеруінің себептері мен салдарын зерттеуге және тұлғаның және оның осы ақпараттық қоғам жағдайына сай өзгеруі мәселесін зерттеуге Фуко, Г. Риккерт, Х. Ортега-и-Гассет, В.А. Фролов, З. Фрейд, И. Кант,

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: janka_04@mail.ru

А. Бард, А. Тоффлер, М.К. Мамардашвили, М. Кастельс, А. Маслоу, Э. Фромм сияқты шет елдік зерттеушілер ат салысып жүр. Қоғамның құндылықтар жүйесі уақыт өте келе өзгереді және динамикалық тұрғыдан өзгеріп отыратын әлемде, қоғамның ғылыми-техникалық және әлеуметтік дамуы үшін тұлға өзіндегі бұрыннан қалыптасқан білімін, іскерлігі мен дағдыларын үнемі өзінің өмір сүріп отырған қоғамына сай жандандырып отыруы керек. Өйткені әр ұрпақ өзінің әлеуметтік-инновациялық жетістіктерін жасайды және ұсынады. Ақпараттық қоғамдағы адамның бейнесін жүйелі түрде зерттеу ғылымның бұрын жүзеге асырылған дүниетанымдық өзгерістердің байланысын орнатып қана қоймайды, сонымен бірге болашақтың дүниетанымдық бағдарларын іздеуге белсенді түрде қатысу қабілетінің маңызды көрінісі болып табылады.

Зерттеу әдістері

Мақалада ақпараттық қоғамдағы тұлғаның құндылықтық әлемі мәселесін зерттеуде философиялық-теориялық тұрғыдан жалпылау, зерттеу материалдарын сипаттау, жүйелеу және салыстыру, герменевтика әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен оларды талқылау

Ақпараттық қоғам жағдайындағы жаңа «ақпараттық тұлғаның» қалыптасуы ақпараттық қоғамның басты ерекше белгісі болып табылатындықтан, тұлғаның білімділігі, бірегейлігі мен креативтілігі ақпараттық қоғамның құндылығына айналмақ. Зерттеу жұмысының нәтижесі — ауқымды ақпараттық ағындардың таралуынан көрініс беретін рухани саладағы өзгерістер тұлғаның креативтілігінің дамуының сыртқы анықтаушысы болып саналатындығы туралы идеяны көрсету.

Қоғамның өзі және әлемде қазіргі уақытта болып жатқан өзгерістердің өзі тұлғаның белсенділігі, ақпараттануы және креативтілігінің даму динамикасына себепкер болады. Өйткені нақ осы белсенділік қазіргі заманғы тұлға үшін өзінің тек физиологиялық қана емес, сонымен бірге қоғамда өзінің орнын иеленуі үшін жаппай заттық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігін беретін тыныс болып отыр. Ақпараттық қоғамда қоғам қажеттіліктер қоғамынан еркіндік қоғамына аяқ басады. Қоғам өзінің дербес тәуелсіз жасанды болмысын жасау арқылы өзінің шындығын кеңейтеді. Ақпараттық қоғамның құндылықтары ашықтығымен, шығармашылығымен, тұрақсыздығымен ерекшеленеді. Ал, шығармашылық нәтижесінде жаңадан материалдық және рухани құндылықтар пайда болатын қызмет процесі. Шығармашылық тұлғалық және қоғамдық мәнге ие әлеуметтік-мәдени-тарихи құбылыс болып табылады. Шығармашылық креативтілік болып табылатын тек қабілеттілік емес, бұл қызметпен байланысты аса кең әрі құндылықтық ұғым және шығармашылық құндылықтардың бірі. Креативтілік — шығармашылық қызметтің бір бөлігі болуы мүмкін, бірақ олар тең ұғымдар емес. Шындығында қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында осы шығармашылықты интеллектуалды қызметпен, креативтілікпен теңестіру басымдылық көрсетіп жатыр. Ақпараттың көптігі жағдайында адамдар жаңаны емес, қызықты іздеуге бағытталған. Сондықтан ақпараттық ортаға шығармашылық қажет емес оны тұтынушыға жақындатып жылжытудың креативті шешімдері қажет. Шығармашылық, сапалық, мазмұндық жағынан жаңаны тудыру құндылық болудан қалып, визуальды, тілдік және сандық сияқты ақпараттарды манипуляциялау қабілеті ақпараттық қоғамда құндылыққа айналады.

Ақпараттық қоғам жағдайындағы тұлғаның құндылықтық әлеміне талдау жасау барысында ең алдымен ақпараттық қоғамның сипатына назар аударуымыз керек. Жалпы, ақпараттық қоғам кибернетиканың пайда болуымен қатар шамамен 1940 жылдары пайда болған, бірақ та бұл термин ретінде компьютерлендіру процесі басталғанда және ақпараттық пен сандық технологиялар белсенді түрде дамып жатқан уақыттан кейін қолданылған болатын. Ақпараттық қоғам дегеніміз ең басты өндіріс өнімдері ақпарат және білім болып саналатын, өркениет дамуының тарихи бір фазасы, постиндустриалды қоғамның концепциясы болып саналады. Ақпараттық қоғамның негізіне білім, ақпарат, сандық форматта ақпараттарды сақтау мен жеткізудің ерекше жолымен сипатталатын технологиялық сфераны ұйымдастырудың жаңа тәсілі және интеллектуалды технологиялар табылады. Бүгін ақпараттық қоғам ол барлығы үшін ашық тұрған қоғам, ал бүгінгі осындай қоғамдағы білім бұл экономикадағы, қоғамдағы адамнан тыс пайда болатын немесе білімнің өзінің дамуында пайда болатын нақты бір нәтижелер алу үшін қызмет ететін, практикалық құндылыққа ие ақпарат болып саналады. Қазіргі ақпараттық қоғамымыздағы жаһандану және ақпараттандыру процестерінің арқасында адамдардың құндылықтық бағдарларында өзгерістердің орын алып жатқандығын байқауға болады, бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі құндылықтардың орнына цифрландыру мен виртуалдандыру процестерінен туындаған жаңа құндылықтар келіп жатыр. Сондықтан қазіргі заманғы ақпараттық қоғамда бұрыннан келе

жатқан дәстүрлі және жаңадан пайда болып жатқан инновациялық құндылықтардың бір бірімен соқтығысу жағдайларын байқаймыз, ал бұдан қазіргі жас ұрпақтың құндылық бағдарларын қалыптастыру міндеті туады [1].

Жаһандану процестері мен ақпараттық қоғамның қалыптасуының әсерінен мәдениетаралық өзара іс қимылдың күшеюі жағдайында мәдениеттің дәстүрлі құндылықтарын қорғау және сақтау мәселесі алға шығуда [2]. Ақпараттық қоғам жағдайында әртүрлі халықтардың мәдениетіндегі құндылықтарға қатысты өзгерістер байқалады [3; 274].

Ақпараттық қоғам тұлғаның өзін өзі жүзеге асыруы үшін мүмкіндіктердің таңдауын барынша кеңейтеді, тұлғаға өзінің потенциалы мен ұмтылыстарын жүзеге асыруға және оны кеңінен пайдалануға мүмкіндік береді десек, екінші жағынан ақпараттық кеңістік адамзат баласының жинақтаған алуан түрлі деректері мен мәліметтерінің жиынтығы емес, сонымен бірге ол бұқаралық сананы манипуляциялау ортасы да болып табылады [4]. Шынымен де менің пікірім бойынша ақпараттық қоғам бір жағынан адамзат өркениетінің ақпараттық тұрғыдан бірігуін қалыптастырса, екінші жағынан ақпараттық қоғамға адамдардың көпшілігі жылдам бейімделе алмай, оларда виртуалды шындықпен байланысты психологиялық мәселелер туындап жатады, ұлттық мәдени мұра мен тілдің мүддесі қорғалмай қалып жатады. Ақпараттану жағдайы планета масштабында тұлғаны ақпараттық өріске батырып жіберетіндей, өйткені ақпараттық қоғам жағдайындағы тұлғаның құндылықтары да планетарлық сипатқа ие болып, мұнда маңызды мәнге ие болған жаңа құндылықтар пайда болады. Сонымен қатар мұнда бір жағынан әмбебаптандыруға (жалпыадамзаттық мәдениетті қалыптастыруға), стандарттауға, интеграциялауға, жергілікті мәдениеттерді даралығынан айыру, екінші жағынан этномәдени оқшауландыру, шағын халықтар мен мемлекеттердің белсендірілуіне ұмтылыс байқалады. Осыған байланысты философиялық және аксиологиялық тұрғыдан ұғыну, қалыптасып жатқан әлеуметтік-мәдени кеңістіктің ішкі табиғатын ашу өте өзекті міндет болып табылады. Мұнда рухани құндылықтардың орнын ақпараттық өнімнің құндылықтары басады. Осыған байланысты жалпы адамның материалдық әл-ауқатының өсуіне ықпал ететін іскерлік, білім, білік және дағдыларды қалыптастыруға деген қызығушылықтардың тұрақты өсуін тұлға бойынан байқаймыз. Бұрыннан келе жатқан дәстүрлі «Күш — білімде» деген ұранның орнына «Кімнің қолында ақпарат болса, сол әлемді билей алады» деген ұран келді. Бұдан ақпараттық қоғамдағы кеңістік пен уақыттың тарылып жатқандығын байқаймыз, өйткені дүниежүзілік қауымдастықтағы бүкіл оқиғалар бір ғана коммуникативтік кеңістіктің аясына бірігеді және оның орталығында белсенді, өзгермелі әрі глобалды әлемде өмір сүруге және шығармашылықпен айналысуға қабілетті, креативті, қарқынды дамып жатқан қоғамда бағдарлана алатын жаңа тұлғаны көреміз [5]. Өйткені қазіргі замандағы динамикалық қоғамымызда жаңа ақпаратты тудырудағы тұлғаның шығармашылық қабілеттілігі — қоғамдық прогрестің жалғыз ғана қайнар көзіне айналып, қоғамымыздың әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік береді. Білімге қатысты Тоффлер болса білімді қоғамның әлеуметтік құрылымы мен жұмыспен қамтылу саласының трансформациясының факторы болып табылады. Оның ойынша «Таза дене еңбегі таңдаудың ең төменгі бөлігінде тұрады және кейін ол бірте-бірте жоғалады. Экономикадағы дене еңбегімен айналысушылардың аз мөлшеріне кіретін «пролетариат» қазіргі ақпараттық қоғамда азшылықтың қатарына еніп, оның орнын «когнитариат» басады. Яғни, Тоффлердің атап өткеніндей, суперсимволикалық экономиканың қалыптасуына қарай пролетарий когнитаристке айналады.

Тұлғаның және оның осы ақпараттық қоғам жағдайына сай өзгеруі мәселесін зерттеуге Фуко, Г. Риккерт, Х. Ортега-и-Гассет, В.А. Фролов, З. Фрейд, И. Кант, А. Бард, А. Тоффлер, М.К. Мамардашвили, М. Кастельс, А. Маслоу, Э. Фромм сияқты ойшылдардың ғылыми еңбектері арналған.

Шын мәнінде адамның өмірі құндылықтық ұғым түсініктерге толы болады. Құндылықтардың мәні мен табиғаты туралы ой пікірлерге тоқталатын болсақ, философиялық тұрғыдан құндылық белгілі бір құбылыстың немесе объектінің жеке немесе әлеуметтік-жағынан маңыздылығы. Құндылықтар — бұл адамдардың өмір сүру мәні мен мақсаттарын анықтайтын, оның қажеттіліктерінің сфераларын білдіретін феномендер [6]. Құндылықтардың тарихына үңілсек, мысалы, орта ғасырдағы христиандық дүниетанымда адамдар үшін ең жоғарғы құндылық Құдайға қызмет ету болатын, мұнда объективті құндылық пен субъективті құндылықтың теңдесу жағдайын байқаймыз. Орта ғасыр адамы сол кездегі қоғамның қойған талаптарының шеңберінен шыға алмаған болатын. Адамның әлеуметтік мәртебесі қатаң түрде бекіген, ал әлеуметтік мобильділік атымен жоқ болатын. Қайта өрлеу дәуіріндегі адамның аксиологиялық бағдары күрт өзгеріске ұшырады, ол өзінің құндылықты элементінің, өзінің индивидуалды болмысының жасаушысына айналды және адам бұл кезеңде біртіндеп

қоғамдағы шектеулердің шекараларынан шығу қабілетіне ие болған еді. Ағартушылық дәуірде адам өзінің құндылықты бағдарын таңдауда еркін әрекет ете алатын, ол қоғамдық қатынастар жүйесінде өзінің орнын анықтай алатын және қоғамға қарсылық білдіре алатын болды. Осындай индивидуализмнің тенденциялары алдағы тарихи дәуірлерде өзінің жалғасын тауып келеді. Ал, қазіргі уақытта қайырымдылық адалдық, ерлік сияқты шынайы адами сапалар құнды емес, керісінше прагматикалық немесе коммерциялық табыс секілді олардың әлеуметтік мәртебесі құнды болып отыр. Адамдар жоғарыда аталған адами қадір–қасиеттерді ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші емес, ол зат пен тауарға барынша айналуға қабілетті. Қазіргі ақпараттық қоғам жағдайындағы адамның мақсаты — өзін нарықта пайдалы түрде сата білу. Оның адам ретіндегі өзін-өзі сезінуі оның қадір–қасиеті мол, мейірімді әрі ойлаушы адам ретіндегі қызметінен емес, керісінше оның әлеуметтік-экономикалық рөлінен көрініс береді [7; 191]. Осындай жаңа құндылықтық бағдарларға тұлғаның бейімделу процесі соншалықты оңай емес, ол тұлғаның белгілі бір шешімдер қабылдауы кезінде одан рухани-өнегелі күш жігер салуды талап етеді. Бұл жағдай сонымен бірге ақпараттық қоғамдағы қарқынды өтіп жатқан әлеуметтік-мәдени өзгерістердің аясындағы адамның онсыз да тұрақсыз жағдайын одан әрі күрделендіреді. Шын мәнінде қайырымдылық пен зұлымдықтың ара қатынасы, өмірдің мәні, махаббат пен жекеқорықшылық, әділеттілік пен бақыт туралы мәселелер моральдық құндылықтардың негізін құрайды [8; 30]. Барынша материалдық құндылықтарға қол жеткізуге ұмтылатын тілектеріміз бен құмарлықтарымызға басымдылық берген техникалық прогресс дәуірі қолында билігі мен қоры бар материалдық тұрғыдан тәуелсіз адамды тәрбиелеуді басты мақсат етеді. Өздерінің бағамдауларында, пайымдаулары мен әрекеттерінде тұлға көбінесе өзінің жеке ақыл ойына және өзінің жеке пікірлерін қалыптастыруға көмектесіп бағыт беретін ғалымдар мен философтардың беделіне сүйенетін, ал қазір жағдай өзгерген. Ақпараттық қоғам жағдайындағы адам әдебиет пен тарихқа, философияға, дәстүрлі діндерге жүгінуді қойып, өзінің рухани дамуына көңіл бөлмей кітап оқуға уақыты болмай қалды [9]. Ақпараттық қоғамның өнімінің алдында адам өзіне таныс емес дүниелерге кезігіп, өзінің мәнін жоғалтатындай, әлемнен жатсыну жағдайына душар болады. Тұлға бұрыннан келе жатқан моральдық-адамгершілік нормалардан бас тарту және материалдық құндылықтарды ғана көздеген қазіргі заманғы шындықтың арасында таңдау алдында бетпе бет келеді. Әлеуметтік ахуалдың жаппай өзгеруі жағдайында адам қоршаған ортамен немесе өз-өзімен құндылықты-нормативті келісімге келе алмайтындай жағдайға тап болады. Жоғарыда аталған факторлардан көретініміздей, қазіргі ақпараттық қоғам жағдайында адам индивидуалды, әлеуметтік, жалпыадамзаттық және өзге де құндылықтар жүйесінің шиеленісіп жатқан күрделі лабиринтінде қалып қойғандай. Жалпы, адамның өмір сүруі үшін бағдар беретін құндылықтарды өмір философиясының шеңберінде танымал ойшыл Хосе Ортега-и-Гассет қарастырған болатын, ол алғашқылардың бірі болып, қоғамда әлеуметтік және мәдени жаппай араласатын бұқараның құндылықтар дәуірінің келіп жететінін сипаттап берген болатын. Оның пікірінше қазіргі уақытта бүкіл әлем бұқараға айналады және қазіргі заманда индивидуалды және тәртіптегі жалпы құндылықтар жүйесіндегі басымдықтар да өзгеріске ұшырайды. Ол шығармасында утилитарлық құндылықтар, тұтыну мәдениетінің құндылықтары басты орынға шығатындығын көрсетті [10; 120].

Қалыптасқан жағдай бойынша ұзақ уақыт бойы біздің иек артып келген батыс мәдениетінің құндылықтары жалпыұлттық және жалпыадамзаттық құндылық ретінде біздің барлығымызға үлгі бола алмағандықтан, дүниежүзіндегі бүкіл адамзатты тұтасымен жалпылай қанағаттандыра алмайды. Сондықтан да қазіргі заманғы мәдениетімізде, салт дәстүрлерімізде және құндылықтық бағдарларымызда жаппай дағдарысты басынан кешіп отыр. Бұл жағдайдан шығу үшін қазіргі заман мәдениетінің маңызды міндеті болашақта адамзаттың прогрессивті дамуын бір арнаға салатын және реттейтін рухани құндылықтардың жаңа жүйесін жасауы керек, ал ол үшін моральдық және адамгершілік ілімдер саласындағы ең үздік ой тұжырымдардан тұратын тарихи-философиялық ойлардың мұрасына жүгінуіміз керек, – деп тұжырымдайды В.А. Фролов [11].

Осыған байланысты тарихи-философиялық ойларға көз жүгіртсек, немістің ойшылы И. Кант: құндылық дегеніміз – адамның өмірде өзін-өзі қалыптастыруы мен жүзеге асыруын мақсат тұтатын объективті игілік ретінде адам үшін құнды құбылыс. Осы тұрғыдан И. Кант рухани құндылықтарға адамзат баласының фундаментальды идеалы болып саналатын ақиқат, қайырымдылық, әділеттілік, еркіндікті, мәдени жәдігерлерді және ғылыми теориялар, діни көзқарастар, көркем шығармалар түрінде жүзеге асырылған құндылықтың объективтенген түрлерін жатқызды. И. Кант тұлғаның құндылықтық өлемін оның шығармашылық қызметімен байланыстырады, өйткені құндылықтық шығармашылыққа деген қабілеттілік құндылықтық сананың өзі секілді «практикалық ақыл ойды» іске қосқанда ғана мүмкін болады. И. Канттың ойынша, кез келген амал және әрекет немесе құбылыс,

егер де олар адамгершіліктің заңы бойынша жасалатын болса ғана құндылықтық мазмұнға ие болады. Осыған байланысты И. Канттың қалыптастырған адамгершілік императиві жалпы адам мен адамзат баласының құндылықтық әлемін реттеуші, эталон секілді мағынада [12; 321]. Қазіргі уақытта тұлға аралық коммуникация принциптері мен құндылықтардың дәстүрлі жүйесі өзгеріп жатқанда, руханилықтың дағдарысында және адамдағы шынайы адамгершілік мақсаттарды тәрбиелеуде, құндылықтық бағдарын қалыптастыруда осы адамгершілік императив үлгі ретінде қалыптасуы керек.

Құндылықтық таңдау тұлғалардың өзінің дербес артықшылықтары мен түсініктеріне қатысты жасалады. Осыған байланысты, америкалық социологы әрі футурологы А. Тоффлер былай дейді: «Қазіргі ақпараттық қоғамда адамдардың алдында көптеген мүмкіндіктер ашылады және сол мүмкіндіктерді әрі қарай дамытудың түрлі тәсілдері болады, бірақ та болашақта адам олардың қайсысын таңдағанына байланысты оның қай құндылық түрін басты орынға қоятындығы анықталады». Кез келген жалпыға маңызды құндылық шынымен де тек индивидуальды контексте ғана маңызды болады. Адамның «Менімен» теңдескен ғана құндылықтар сол жерде тамырын жаяды және оның болмысының терең мәніне айналады. Әсіресе, М.К. Мамардашвили «Құндылықтарды меңгеру үшін тек іс қимылдар ғана қажет емес, сонымен бірге тұлға өзінің алда құндылықтық ұмтылыстары мен артықшылықтарын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін және өзінің құндылықтық ұстанымын қалыптастыратын «ерекше қызметтік күш» пен ерекше құндылықтық белсенділік керек», – деген болатын, яғни адам тек қайырымдылықты қалап қана қоймау керек, ол қайырымдылық оқиғасына тікелей қатысты болуы керек, өз елінің тек азаматы болуды ғана қаламауы керек ол ең алдымен адам болып қалуы керек [10; 401].

Ақпараттық қоғамда тұтыну адамның өзіндік мақсатына, оның өмір сүруінің мәніне, бақытқа апаратын құралға айналды, осының нәтижесінде тұтыну құмарлықтарын басшылыққа алған адам өзінің жеке қадір-қасиеті мен өзінің ерекшелігінен, бірегейлігінен айрылады. Адамға ақпараттық қоғам бір жағынан, өзінің жеке қадір-қасиетін, яғни индивидуальдығын, шығармашылық қабілетін ашу үшін шексіз мүмкіндіктер мен толығымен таңдау еркіндігін беретіндей, ал екінші жағынан ақпараттық қоғам адамның ішкі ниетін өзгертіп бұрмалайды, адамға материалдық құндылық түріндегі жалған құндылықтарды таңып тастайды, осының салдарынан жасампаз-адам тұтынушы-адамға оңай айналып кетеді. Тұлға әрдайым сырттан таңылатын әлеуметтік мәдени өзгерістерге сай икемделіп әрі өзгеріп жүреді. Осылардың салдарынан адамның өзінің құндылықтар жүйесі бұрмаланады, өл өзінің «Менін» жоғалтып, барлығы сияқты болады.

Қорытынды

Ақпараттық қоғамдағы тұлғаның құндылықтық әлемі мәселесіне қатысты философиялық-теориялық тұрғыдан жалпылау, зерттеу материалдарын сипаттау, жүйелеу және салыстыру, эвристикалық синтездеу әдістері мен әлемдік зерттеушілердің еңбектерінде тұжырымдалған философиялық ойларды зерттеу нәтижесінде құндылықтың адамның өмірде өзін өзі қалыптастыруы мен жүзеге асыруын мақсат тұтатын объективті игілік ретінде адам үшін құнды құбылыс екендігі айқындалды.

Ақпараттық қоғамның құндылықтары қоғамнан тыс бөлек өмір сүрмейді, мұнда өмір сүру образы, жеке тұлғалар мен әлеуметтік топтардың құндылықтар жүйесі өзгеріске ұшырайтын болғандықтан, материалдық құндылықтарға қатысты ақпараттық құндылықтардың да маңыздылығы арта келгендігін айта келіп, ақпараттық қоғамда тұтыну адамның өзіндік мақсатына, оның өмір сүруінің мәніне, бақытқа апаратын құралға айналды, осының нәтижесінде тұтыну құмарлықтарын басшылыққа алған адам өзінің жеке қадір-қасиеті мен өзінің ерекшелігінен, бірегейлігінен айрылады. Адамға ақпараттық қоғам бір жағынан, өзінің жеке қадір-қасиетін, яғни индивидуальдығын, шығармашылық қабілетін ашу үшін шексіз мүмкіндіктер мен толығымен таңдау еркіндігін беретіндей, ал екінші жағынан ақпараттық қоғам адамның ішкі ниетін өзгертіп бұрмалайды, адамға материалдық құндылық түріндегі жалған құндылықтарды таңып тастайды, осының салдарынан жасампаз-адам тұтынушы-адамға оңай айналып кететіндігін байқаймыз.

Дәстүрлер, ұрпақтар сабақтастығы әлеуметтік құндылықтардың жүйесін қалыптастырудың бір ғана тенденциясы болып табылатындықтан, осы өзгермелі әлеміміздегі тұлға өзінің бұрыннан қалыптасқан білімін, іскерлігі мен дағдыларын қоғамымыздың ғылыми техникалық және әлеуметтік жағынан дамуы үшін қажетті болып табылатын жаңа формаларына әрдайым алмастыруға дайын болуы керек.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Туличкина Е.А. Традиционные и инновационные ценности в информационном обществе: проблема интерференции / Е.А. Туличкина, Н.К. Андриенко, С.И. Семенова // Научно-педагогическое обозрение. — 2022. — № 5 (45). — С. 20–29.
- 2 Понарина Н.Н. Глобализация и информационное общество / Н.Н. Понарина // Общество: политика, экономика, право. — 2012. — № 1. — С. 19–24.
- 3 Саркарова Н.А. Проблема духовности в информационном обществе / Н.А. Саркарова // Гуманитарное знание и духовная безопасность: сб. материалов V Междунар. науч.-практ. конф., Грозный, 7–8 декабря 2018 года. — Грозный: АЛЕФ, 2018. — С. 271–276.
- 4 Дрожжина С. Аксиологические и экзистенциальные детерминанты информационного общества / С. Дрожжина, И. Кобзарь // Хилея. — 2014. — № 80 (1). — С. 190–196.
- 5 Гассиева-Корытина М.А. Трансформация системы ценностей в информационном обществе / М.А. Гассиева-Корытина // Евразийский союз ученых — 2017. — № 10 (43). — С. 7–9.
- 6 Зинченко В.П. Ценности в структуре сознания / В.П. Зинченко // Вопросы философии. — 2011. — № 8. — С. 85–97.
- 7 Фромм Э. Здоровое общество / Э. Фромм, пер. с англ. Т. Банкетовой. — М.: Изд-во «АСТ», 2009. — 539 с.
- 8 Риккерт Г. Ценности жизни и культурные ценности / Г. Риккерт. — Кн. I и II // Логос. — М.: Типогр. Товарищества А.А. Левенсон, 1912–1913. — С. 35.
- 9 Ипсутина О.В. Трансформация системы ценностей в процессе перехода к информационному обществу / О.В. Ипсутина, Н.Н. Калачева, Ю.Е. Байер // Современное образование: актуальные вопросы, достижения и инновации: сб. ст. XV Междунар. науч.-практ. конф.: [В 2 ч.]. — Ч. 1. — Пенза: МЦНС «Наука и Просвещение». — 2018. — С. 131–133.
- 10 Ортега-и-Гассет Х. Восстание масс / Х. Ортега-и-Гассет; пер. с англ. С.Л. Воробьев, А.М. Гелескул, Б.В. Дубинин. — М., 2001. — 335 с.
- 11 Фролов В.А. Кризис духовных ценностей как проблема философской рефлексии / В.А. Фролов, Н.Ю. Гурьянов // Вестн. Моск. гос. обл. ун-та. Сер. Философские науки. — 2020. — № 3. — С. 40–46.
- 12 Кант И. Сочинения: [В 6 т.]. — Т. 4. — Ч. 2 / И. Кант; под общ. ред. В.Ф. Асмуса, А.В. Гульги, Т.И. Ойзермана. — М.: Мысль, 1965. — 478 с.

Ж.О. Дагарова, Керимов Тапдыг Афиз-оглы, Г.Р. Сейфуллина, С.М. Аралбай

Ценностный мир личности в информационном обществе

В статье рассмотрен, прежде всего, характер информационного общества как нового этапа общественного развития. Проведен анализ предпосылок и признаков развития информационного общества. Особое внимание уделено выявлению успехов и опасностей информационного общества. Показано, что современный этап развития информационного общества характеризуется формированием «общества знаний». Акцентировано внимание на ценностном мире личности в культуре информационного общества и определении специфики ценностного мира личности как явления культуры информационного общества и образа социокультурного процесса. Предложено изучать потенциальные возможности ценностного мира личности как модель будущего информационного общества. Для признания ценностного мира человека в информационном обществе дан обзор истории ценностей, отмечено, что в нашей современной культуре, ритуальных традициях и ценностных ориентациях происходит массовый кризис, и для его решения важнейшей задачей современной культуры является создание в будущем новой системы духовных ценностей, которая будет направлять и регулировать прогрессивное развитие человечества. В качестве основных методов исследования проблемы ценностного мира личности в информационном обществе использовались методы философско-теоретического обобщения отечественных и зарубежных источников, описания, систематизации и сопоставления материалов исследования, герменевтики.

Ключевые слова: глобализация, информационное общество, информатизация, пролетариат, когнитариат, общество знаний, ценностная ориентация, духовный кризис, созидательный человек, человек-потребитель.

Zh.O. Dagarova, Kerimov Tapdyg Afiz-ogly, G.R. Seifullina, S.M. Aralbay.

The value world of the individual in the information society

The article considers, first of all, the nature of the information society as a new stage of social development. An analysis of the prerequisites and signs of the development of the information society will be carried out. Special attention is paid to identifying the successes and dangers of the information society. It is shown that the current stage of development of the information society is characterized by the formation of a “knowledge

society". Attention is focused on the value world of the individual in the culture of the information society and is determined by the specifics of the value world of the individual as a phenomenon of the culture of the information society and the image of the socio-cultural process. It is proposed to consider the potential of the value world of the individual as a model of the future information society. In order to recognize the value world of man in the information society, an overview of the history of values is given, it is noted that a massive crisis is taking place in our modern culture, ritual traditions and value orientations, and to solve it, the most important task of modern culture is to create in the future a new system of spiritual values that will guide and regulate the progressive development of mankind. Methods of philosophical and theoretical generalization of domestic and foreign sources, description, systematization and comparison of research materials, hermeneutics were used as the main methods of studying the problem of the value world of the individual in the information society.

Keywords: globalization, information society, informatization, proletariat, cognitariat, knowledge society, value orientation, spiritual crisis, creative person, consumer person.

References

- 1 Tupichkina, E.A., Andrienko, N.K., & Semenaka, S.I. (2022). Traditsionnye i innovatsionnye tsennosti v informatsionnom obshchestve: problema interferentsii [Traditional and innovative values in the information society: the problem of interference]. *Nauchno-pedagogicheskoe obozrenie*, 5 (45), 20–29 [in Russian].
- 2 Ponarina, N.N. (2012). Globalizatsiia i informatsionnoe obshchestvo [Globalization and the information society]. *Obshchestvo: politika, ekonomika, pravo*, 1, 19–24 [in Russian].
- 3 Sarkarova, N.A. (2018). Problema dukhovnosti v informatsionnom obshchestve [The problem of spirituality in the information society]. *Gumanitarnoe znanie i dukhovnaia bezopasnost: sbornik materialov V Mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii (Groznyi, 7–8 dekabria 2018 goda) — Humanitarian knowledge and spiritual security: collection of materials of the V International Scientific and Practical Conference (Grozny, December 07–08, 2018)*. Grozny: ALEF, 271–276 [in Russian].
- 4 Drozhzhina, S., & Kobzar, I. (2014). Aksiologicheskie i ekzistentsialnye determinanty informatsionnogo obshchestva [Axiological and existential determinants of the information society]. *Hileia — Hileya*, 80(1), 190–196 [in Russian].
- 5 Gassieva-Korytina, M.A. (2017). Transformatsiia sistemy tsennostei v informatsionnom obshchestve [Transformation of the value system in the information society]. *Evrasiiskii soiuz uchenykh — Eurasian Union of Scientists (EUS)*, 10 (43), 7–9 [in Russian].
- 6 Zinchenko, V.P. (2011). Tsennosti v strukture soznaniia [Values in the structure of consciousness]. *Voprosy filosofii — Questions of Philosophy*, 8, 85–97 [in Russian].
- 7 Fromm, E. (2009). *Zdorovoe obshchestvo [A healthy society]*. Moscow: Izdatelstvo «AST» [in Russian].
- 8 Rikkert, G. (1912–1913). *Tsennosti zhizni i kulturnye tsennosti [Life values and cultural values]*. Logos, Book I i II, 1912–1913. Moscow: Tipografiia Tovarishchestvo A.A. Levenson [in Russian].
- 9 Ishutina, O.V., Kalacheva, N.N., & Bajer, Y.E. (2018). Transformatsiia sistemy tsennostei v protsesse perekhoda k informatsionnomu obshchestvu [Transformation of the value system in the process of transition to the information society]. *Sovremennoe obrazovanie: aktualnye voprosy, dostizheniia i innovatsii: sbornik statei XV Mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii: [V 2 ch.]. Chast 1 — Modern education: current issues, achievements and innovations: Collection of articles of the X International Scientific and Practical Conference: [2 parts]. Part 1*, 131–133 [in Russian].
- 10 Ortega-i-Gasset, H. (2001). *Vosstanie mass [The uprising of the masses]*. (S.L. Vorobev, A.M. Geleskul, & B.V. Dubinin, Trans). Moscow [in Russian].
- 11 Frolov, V.A., & Guryanov, N.Y. (2020). Krizis dukhovnykh tsennostei kak problema filosofskoi refleksii [The Crisis of spiritual values as a problem of philosophical reflection]. *Vestnik Moskovskogo gosudarstvennogo oblastnogo universiteta. Seriya Filosofskie nauki — Bulletin of the Moscow State Regional University. Series: Philosophical Sciences*, 3, 40–46 [in Russian].
- 12 Kant, I. (1965). *Sochineniia [Works]*. (In 6 volumes). Vol. 4, part 2. (V.F. Asmus, A.V. Gulyga, T.I. Oizerman (Eds.). Moscow: Mysl [in Russian].